

"Қазақстан Республикасында атом электр станцияларын салу жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 60-ө өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 2 қарашадағы № 110-ө өкімі

"Қазақстан Республикасында атом электр станцияларын салу жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 60-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, осы өкімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.Ұ. Маминге жүктелсін.";

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасында атом электр станцияларын салу жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 3 және 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Экологиялық заңнама талаптарын ескере отырып, Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының және Алматы облысының Жамбыл ауданы Үлкен кентінің аудандарында атом электр станцияларын салу бойынша жобалау алды (техникалық-экономикалық негіздемелер) құжаттамасын әзірлеу	Атом электр станцияларын салудың ТЭН-і	2018 жыл	"Қазатомөнеркәсіп " ҰАҚ" АҚ, "Қазақстандық атом электр станциялары" АҚ" (келісім бойынша)
4	Техникалық-экономикалық негіздемелер нәтижелерінің негізінде атом электр станцияларын салу бойынша Үкімет шешімінің жобасын дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасы	2018 жыл	ЭМ және мүдделі мемлекеттік органдар

";

Ескертпеде:

аббревиатуралардың толық жазылуында:

"ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭМ - Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ" - "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" акционерлік қоғамы".

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК